

Қаныш Сәтбаевтың туғанына 100 жыл

Н. Урбанцев (Норвегия) мен Н. С. Смирнов (Қазақстан) арасындағы кездесуінің суреті — Қ.А.

Кешегі тоталитарлық заманда қазақ халқының зиялы азаматтары қатарында Қанекен де зорлық-зомбылықты екі рет басынан кешті.

Оның біріншісі 20-30 жылдары қазақтың ардагер ұлдарын қудалау болса, екіншісі 1950 жылдардың басында басталған қазақ интеллигенциясын «ескі феодалдық қоғамды дәріптеуге», «буржуазиялық ұлтшылдыққа» араласты деген айыппен жазалау еді.

Осы бағытта ҚК (б)П Орталық Комитетінің 1947 жылғы 21 қаңтардағы «Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» қаулысының зардабы зор болды. Қазақ интеллигенциясының дарынды ғылыми қауымы нысанаға алынды.

1950 жылғы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан зерттелсін» деген мақала шықты. Осыдан кейін қазақ тарихшыларын, оған қоса басқа қоғамдық ғылымдар саласында қуғын-сүргін одан сайын күшейді. Мысалы, сол кездегі Қазақстан Мемлекеттік университетінің ректоры, атақты ғалым, саяси қайраткер Төлеген Тәжібаев, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов сияқты зиялы азаматтар қуғынға ұшырап, Қазақстаннан тысқары жерге кетуге мәжбүр болды. Бұл қудалаудың бел ортасында, сөз жоқ, сол кездегі Қазақстан Ғылым академиясының Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев та болды.

Енді Қанекеннің осы жағдайға байланысты басынан кешкен оқиғаларға көшейік. Оған жабылған жалаларды талдап, анық-қанығына жету үшін біз қолымызға ертеректе түскен өте құнды бір құжатты жария еткіміз келіп отыр. Ол Қ.И.Сәтбаевтың 1952 жылы 20 қаңтарда, бұған дейін көпшілікке аз белгілі Сталинге жазған хаты еді. Бұл хат алғашқы рет архивтен алынып «Қазақстан Коммунисті» журналында 60-шы жылдары басылған болатын. Хат көлемді болғандықтан біз оның кейбір негізгі жерлерін жариялауды жөн көрдік.

Хаттың тақырыбы — «Жазықсыз кінәлі болғаным ба?». Ол былай басталады:

Москва, Кремль

И.В.Сталин жолдасқа!

Қымбатты Иосиф Виссарионович!

Менің өмірімнің соңғы кезеңіндегі төтенше жағдайлар Сіздің өзіңізге бір ұзақтау хатты жолдауыма мәжбүр етіп отыр.

Мен Совет дәуірінде жоғары оқу орнына түсіп, оны бітіріп шыққан қазақтардың бірімін. Өзімнің саналы өмірімнің 32 жылдан астамын партия мен халықтың мүддесіне адал қызмет етуге арнадым, оның ішінде 15 жыл Орталық Қазақстан өңірінде геолог қызметінде және 11 жылға жуық Советтік Қазақстан Ғылымының жетекшісі болдым.

Қазақстан К (б) П Орталық Комитеті Бюросының жабық мәжілісі 1951 жылғы 23 октябрдегі шешімімен мені төмендегі үш факті бойынша кінәлі деп тапты:

1) Партияға өткенде өзімнің әлеуметтік шыққан тегімді жасырғаным;

2) 1927 жылы менің редакциялауыммен және алғысөзіммен шыққан «Едіге туралы

Сәтбаевтай ұлы алыпты жалп еткізіп құла-тқан соң, үкіметке де, партияға да қалай сенерсің». (Қараңыз, «Егемен Қазақстан» 1997 жыл, 29 сәуір)

Біз кейін білдік, сол Тәкежанов Қанекеннің соңына шырақ алып түскеннің бірі екен. Ол архивтерді ақтарып 1917 жылы 9 ноябрьде шыққан «Сарыарқа» газетінің нөмерін тауып алса керек. Соған сүйеніп жоғарғы орындарға «Алашордаға» қызмет істеді деген арыз түсірген болып шықты.

Академияның президенті болып тұрған кезінде «ұлтшылдарды қанатына алды-мыс» деген айыптауға Сталинге жазған хатта Қанекен былай деп түсінік береді: «Менің түсінігімше, осындай бұлыңғыр пайымдауды бетке ұстап, Қазақстан тарихы мен әдебиетіне байланысты кейбір мәселелерді түсіндіруде елеулі бұрмалаушылықтарға жол бергендердің қатарына менің де фамилиямды қалайда қосуға тырысқандық байқалады». Бұл жерде Қанекен сол кезде академияда

Қаныш ағаның Сталинге хаты

қызмет еткен ғалымдардың: Е.Бекмаханов, Қ.Аманжолов, Қ.Бекхожин, К.Жармағанбетов, тағы басқалардың «ұлтшылдар» деп қалай айыпталғанын айтады.

Осы айтылған мәселе туралы фактілерді қорытындылай келе Қанекен көсемге жазған хатында мына жағдайларға көңіл аударады:

«Осы айтылғандардан мынадай ой туындайды: егер маған «қанатына алушы» деген ат тағыла қалған болса, онда мен шын мәнінде ғылымға ұмтылған кез келген жасты қанатыма алып, мәпелеп өсіруге ат салыстым. Ал осылай, адамдарға шексіз ілтипат пен сенім көрсетуден ғана өзімнің Қазақ ССР Ғылым академиясына басшылық жасаған кездегі «кемшіліктерімнің» бірін көремін.

... Сондықтан да мен өзіме тағылған «ұлтшылдарды қанатына алды» деген айыпты үзілді-кесілді қабылдай алмаймын, сойтіп, оны жоғарыда келтірілген бұлтартпас деректердің негізінде объективті емес және түп-тамырымен әділетсіз деп санаймын».

Өзінің көсемге жазған осы хатын Қаныш Имантайұлы былай аяқтайды:

«Мен өзімнің тап қазіргі хал жағдайыма сабырлы қарағым келеді, ол ауыр болғанымен, өмірдегі бір кездейсоқтық деп санаймын. Осыған байланысты, жолдас Сталин, Сізден бұл мәселенің үшін аяғы объективті түрде

2) 1927 жылы менің редакциялауымен және алғысөзіммен шыққан «Едіге туралы аңыздың» қателігін 1945 жылдан кейін айыптамағаным;

3) Ғылым академиясының кадрларын жат элементтермен былықтырғандығым, яғни «ұлтшылдарды қанатымның астына алғаным».

Қанекең бұл хатында өзіне тағылған тағы бір кінәні атап кетеді Ол 1917 жылы ұлтшыл «Алашорда» партиясының үгітшісі болғанмыс.

Сол кездегі қалыптасқан өзгеше қиянатшыл ахуалға байланысты өзіміз куә болған бір жәйтті айта кетуге болады. Сол 1951 жылдары біз Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде оқып жүрген кезіміз. Қазақ интеллигенциясының арасынан «ұлтшылдардың құйыршықтарын» іздеу студенттер арасына да келіп жеткен. Сонда бізге Ә. Тәкежанов деген бір ғалымсымақ келетін. Ол: «сендер неге «ұлтшылдарды» әшкерелеуге қатыспайсыңдар. Сендерге сабақ бергендер Е. Бекмаханов, М. Әуезовтер нағыз ұлтшылдар», — дей келіп, кейде орысшалап: «Материал есть, почему не использовать» — деп азғыратын. Бұл туралы белгілі ғалым-филолог Тұрсынбек Кәкішұлы былай жазды:

«Құдай-ау, екі сөздің басын не орысша, не қазақша құрап, өз ойын ешкімге жеткізе алмайтын Ә. Тәкежановтың жаласы Қаныш

мен, өмірдегі бір кездейсоқтық деп санаймын. Осыған байланысты, жолдас Сталин, Сізден бұл мәселенің жуық арада объективті түрде қаралуына ықпал етуіңізді сұраймын, соның нәтижесінде менен «ұлтшылдарды қанатына алушы» деген масқара айып-тақба мен маған берілген партиялық жаза алынып тасталынады деп кәміл үміттенемін.

Менің күш-жігерім әлі жетеді және алдағы уақытта оны Ұлы Отаныма қызмет ету үшін, партия қайда жіберсе, кез келген қызметті орындауға бүкіл күш-жігерімді аямай жұмсаймын.

Зор құрметпен академик СӘТБАЕВ».

Әрине, бұл хат Сталинге жетті ме, жетпеді ме, ол жағы белгісіз. Хат көсемге жеткенмен, оған жауап болмауы ақиқат еді, өйткені Сталинге ондай хаттың талайы жіберілді ғой, ал олардың қорытындысын біз кейін білдік емес пе. Сол бір тоталитарлық заманда Сталинге хат жазған талай боздақтар жазықсыз айыпталып, дүниеден өтті ғой.

Міне, ұлы ғалым, Алаштың алып азаматтарының бірі Қанекеңнің басынан өткен ауыр кезеңдердің бірі осындай болатын.

Ә. ЖҰМАСҰЛТАНОВ,
тарих ғылымының докторы,
Ғ. ЖҰМАСҰЛТАНОВА,
саясаттанушы, ҚарМУ-дың аға
оқытушысы.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.